

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қазан айының 11-12 жұлдызында университетте Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Ұлттық тарихты зерделеудегі өлкетану: бүгін мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтеді.

Ғылыми форум аясында «Парасат» орденінің иегері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хисмет Табылдиевтің 80 жасқа толуына арналған іс-шаралар ұйымдастырылады.

1. «Тәуелсіздік туымыз, тарих біздің жырымыз» атты республикалық ақындар айтысы. Махамбет атындағы Атырау облыстық драма театры, **11 қазан, сағат 15.00.**

2. Жеңіл атлетикадан атыраулық жоғары және орта арнаулы оқу орындары студенттері арасындағы жарыс. «Мұнайшы» стадионы, **11 қазан, сағат 10.00.**

3. Қазақша күрестен республикалық ашық турнир (түйе палуандар жарысы), Атырау университетінің спорттық-мәдени кешені, **11 қазан, сағат 10.00.**

КЕМЕЛ ЕЛДІҢ КЕМЕҢГЕР ҚАЛАМГЕРІ

21 қазанда университетте елімізге таны- мал зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен Қазақстанның еңбек Ері, Халық жазушысы Әбіш Кекілбаевты еске алу кеші өтеді.

Осы күні Халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың әдеби мұрасын зерттеу ғылыми орталығы ашылады.



**АТЫРАУ
UNIVERSITY**

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

#3 (69)
30 қыркүйек 2016 жыл



Аса құрметті ұстаздар!

Баршаңызды кәсіби мерекеміз – Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздіктің 25 жылында еліміздің білім саласының халықаралық талаптар деңгейінде танылуында мұғалімдердің еңбегі айрықша орын алады. Ұстаздар қауымы еліміздің кемел келешегінің мықты іргетасын қалайтын білім саласын дамытуға, ел экономикасына қажетті мамандар дайындауға, Қазақ елінің әлемдік деңгейде танылып, интеллектуалды ұлттың қалыптасуына үлес қосып келеді.

Білім беру қызметіндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мен жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастырудағы Ұстаз қызметі асқан жауаптылықты, терең білім мен кәсіби

құзыреттілікті талап етеді. Біздің алдымызда болашақ мұғалімдерді дайындаудың сапасын күшейте отырып, білім саласындағы өзіндік озық мектептер дәстүрін сақтау міндеті тұр.

Биылғы тамыз кеңесінде Атырау университеті облысымыздағы алдыңғы қатарлы 10 мектепке «Робототехника» зертханасын сыйға беріп, жас ұрпақтың білім мен ғылым жолындағы болашақ жеңістеріне қадам жасады.

Атырау университетінің уақыт талабына сай жаңартылған стратегиялық жоспары мұғалім құзыреттілігі мен мәртебесінің биіктеуіне қызмет ететін болады. Оқу-тәрбие үдерісі жаңғырып, білім қызметінің тиімділігі де жылдан-жылға артып келеді.

Атырау университеті профессор-оқытушылар құрамы отандық жоғары білім беру саласына кәсіби мамандар дайындаумен қатар, ғылыми ізденістердің жандануына, олардың өндіріске енгізілуіне ықпал етіп, қазақстандық білім мен ғылым жетістіктерінің әлемдік деңгейде танылуына қызмет етуде.

Қадірменді университет ұстаздары!

Сіздерді Ұстаздар күнімен құттықтап, ғылыми-педагогикалық қызметтеріңізге табыс, мықты денсаулық тілеймін!

Құрметпен және ізгі тілекпен,
ректор м.а., профессор Абзал Талтенов



Байқау кеңесінің алғашқы мәжілісі

2016 жылғы 29 тамызда Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті байқау кеңесінің мәжілісі өтті. Байқау кеңесі мәжілісі барысында университет басшысы, профессор А.Талтенов оқу орнының 2016–2017 оқу жылына дайындығы жайында есеп берді. Кеңес мәжілісіне ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілі, байқау кеңесінің төрағасы Д.Ж.Ахмед-Заки, Атырау облысы әкімінің орынбасары Ә.Нәутиев, байқау кеңесінің және тәуелсіз байқаушылар құрамының мүшелері қатысты.

Ғылыми кеңес

2016 жылдың 31 тамызында университет Ғылыми кеңесінің алғашқы мәжілісі өтті. Ғылыми кеңес төрағасы, университет ректоры м.а. А.Талтенов ғылыми кеңес құрамы мен кеңейтілген мәжіліске қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

Кеңесті жағымды жаңалықтармен бастаған университет басшысы химия ғылымдарының докторы Шамбилова Гүлбаршын Қожахметқызын Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің бұйрығымен «Химия» мамандығынан профессор ғылыми атағы берілуімен, ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, профессор Таубаев Бақтыбек Жұбандықұлын Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайлануымен және Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының шешімімен «Жылыой ауданының Құрметті азаматы» атағын алуымен құттықтады.

Сонымен қатар ғылыми кеңес төрағасы биылғы жылы Алматы және Астана қалаларындағы жоғары оқу орындары докторантурасына түскен әріптестеріміз Зита Кенжеғалиева (Экономика мамандығы, ЕҰУ), Ренат Шайхеденов (юриспруденция мамандығы, ЕҰУ), Ерлан Кабиев (география, ЕҰУ), Ардақ Батырханов (Ақпараттық жүйелер, ЕҰУ), Жиде Таңатароваға (Баста-

уышта оқыту әдістемесі мен педагогикасы, Абай атындағы ҚазҰПУ) құттықтау лебізін білдіріп, сәттілік тіледі.

Күн тәртібінде екі мәселе - Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті ұжымының 2016–2017 оқу жылындағы стратегиялық міндеттері мен қызметі және 2016 жылғы студенттер контингентін қалыптастыру қаралды. Аталған мәселелер бойынша университет ректоры м.а. А.Талтенов және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Л.Қойшығұлова баяндады.

Кеңесте биылғы жылы Атырау университетінде Қорғаныс министрі бұйрығымен ашылған әскери кафедраның басшысы, екінші рангілі капитан Қуандық Бердіғалиев ұжымға таныстырылды.

Жаңа оқу жылындағы университет ұжымы алдындағы міндеттері туралы айта келіп, университет басшысы университет құрылымындағы өзгерістер мен тағайындауларды атап өтті.

Баспасөз қызметі

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

Кәусар – жас ақындар жинағы

22 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күніне орай университеттің Жұмекен Нәжімеденов атындағы әдеби-шығармашылық бірлестігінің мүшелері – жас ақындарымыздың өлеңдерінің жинағы «Кәусар» кітабының тұсаукесері болды. Тұсаукесер рәсіміне профессор Қадыр Жүсіп және оқу ісі проректоры Гүлжан Жарасова қатысты.

«Тіл – адамзат жаратылған уақыттан бері келе жатқан қоғамдық құбылыс. Тарихта тілсіз адамдар ұжымы болмайды. Қоғамда өмір сүргендіктен, адамға тіл керек. Тіл арқылы адамдар арасында байланыс нығаяды. Тіл – байланыс құралы. Тіл арқылы адамдар ойы мен пікірін, сезімдерін жеткізеді, – деп атап өткен ақын профессор Қадыр Жүсіп студенттерге шығармашылық табыс тіледі.

Бүгінде еліміздегі жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың тілдері еш кедергісіз дамуға мүмкіндігі бар. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебесінде әрқашан дами береді.

Студент жастардың өлеңдері жарияланған

«Кәусар» жинағы Атырау университетінің Зейнолла Қабдолов атындағы гуманитарлық ғылымдар орталығы және университет ғылыми кітапханасының бірлескен жұмысының нәтижесінде жарыққа шығарылғандығын атап өтеміз.

Сонымен қатар Тілдер күніне арналған «Abai and Shakespeare in the World of Languages» іс-шарасы «Шетел тілдерін оқыту әдістемесі» кафедрасында да ұйымдастырылды.

Айнұр КЕНЕСОВА
Баспасөз хатшысы

БӘРЕКЕЛДІ!

Ақнұр – білім грантының иегері!



Еліміздің Негізгі Заңының білгірлері қатысқан «Конституцияны жатқа білемін» ІІ облыстық байқауы конституция күні қарсаңында Атырау облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен Атырау университетінің базасында 25 тамызда өткен болатын.

Биыл екінші мәрте ұйымдастырылған байқауға барлығы 26 қатысушыдан өтініш түскен. Ережеге сай байқау екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар конституция бойынша сұрақтарға онлайн тәртібінде жауап берсе, екінші кезеңде Негізгі Заңның 98 бабын қамтитын билеттік жүйемен суырған билетіндегі тиісті бапты жатқа айтты.

Сайыс нәтижесінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Юриспруденция» мамандығының 4-курс студенті Нұртаева Ақнұр университеттің білім грантын жеңіп алды.

Ата Заңның білгірлері қатарынан танылған 3-курс студенті Сембек Мейірбек пен 1-курсқа енді ғана қабылданған Уахитова Зайтунайға Х.Досмұхамедов университетіндегі оқу ақысына 50% жеңілдік берілетін болды.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз және студенттерді осындай байқауларға белсене қатысуға шақырамыз.

Гүлфайруз ҚАЙЫРҒАЛИЕВА,
Баспасөз қызметінің жетекшісі

Мои лучшие каникулы

Я, Данияр, студент четвёртого курса Атырауского университета. Мне 20 лет. За время учебы в ВУЗе побывал во многих мероприятиях, соревнованиях и конференциях по всему Казахстану. Так же отучился в США по программе академической мобильности вуза.

Когда мне сообщили, что есть возможность месяц обучиться в Китае, я тут же захотел воспользоваться этой возможностью. Поездка с самого начала мне понравилась. Ребята, ехавшие со мной были очень весёлыми и амбициозными.

Как только мы пересекли границу, я был поражён красотой и величием природы этой великой страны. Горы, высокие небоскрёбы и огромное количество лю-

и умиротворяющего. И Мастер, который был спокойным, с приятной улыбкой и вызывающим доверие пре-взошёл мои ожидания. После занятий ТайЦзы, когда все возвращались в общежитие вымотанными, я шёл отдохнувшим и полным сил. Знаниями, практикой и занятиями я очень доволен и признателен институту Конфуция.

Помимо занятий нас по-радовали поездками в ме-



дей, занятые своими делами. В Урумчи, нас встретила Каракат (老师) со студентами из Казахстана. Они были очень добры и отзывчивы.


Вскоре начались занятия, я был приятно потрясён до чего проста и легка для понимания их методика преподавания. Преподаватели успевали превосходно провести урок и не оставляли ни одного студента без внимания. Уже после нескольких занятий я почувствовал, что то родное в этой атмосфере и вёл себя весьма свободно. Учителя были настолько талантливы, что уже после пары дней занятий мы смогли использовать данные нам знания в практике. Я помню как одна из студенток (新疆财经大学) была удивлена как мы торгуемся с продавцами, и сказала «я ни разу не видела, чтобы студент с уровнем HSK 2 умел так раскованно вести диалог с носителем языка». Честно сказать я и сам не заметил такой приятной перемены. Моё самое любимое занятие было ТайЦзы. Перед первым уроком я ожидал чего-то духовного, спокойного

ста, красота которых дух захватывает. А именно ТиенЧи и НанШан. Когда мы только начали поездку мне было очень приятно, как учителя заботятся о нас и в тоже время не дают нам скучать. Мы пели, играли и разговаривали в автобусе на протяжении всей поездки. Для меня показалось очень странным, когда я почувствовал себя также комфортно, как и дома. Карабкаясь на гору в этих прекраснейших местах я даже не чувствовал усталости, чувствовал только прилив сил. Смотря на озеро в ТиенЧи, не хотелось отрывать взгляд ни на секунду, ведь так спокойно становилось на душе. Это были мои лучшие выходные. Горы в НанШане и озеро в ТиенЧи оставили во мне прекраснейшие воспоминания, которые я пронесу с собою сквозь жизнь. В Китае мне понравилось намного больше, чем в Америке и за это я хочу выразить огромную благодарность Институту Конфуция.

Данияр ТУЛЕКОВ
Студент 4-курса АГУ


«Энергетическое» дерево Ержана

Молодой рационализатор Атырауского государственного университета имени Халела Досмухамедова Ержан Нурединов примет участие в конкурсе «Энергия будущего», которая была объявлена Национальной компанией «Астана ЭКСПО-2017» совместно с Министерством энергетики РК.



Молодой изобретатель из Атырау хочет посадить в Казахстане энергетические деревья, для выработки гибридной зеленой энергии. Для участия в конкурсе Ержан отправил свою научную разработку в сфере «зеленой экономики» – так называемое «энергетическое» дерево, которое будет вырабатывать одновременно солнечную, ветровую и тепловую энергию.

На ветвях солнечно-ветрового дерева будут установлены шестиугольные солнечные батареи, под каждой из которых – бесшумные модульные мини-ветрогенераторы. Такое дерево сможет круглый год вырабатывать одновременно энергию от солнца, ветра и тепла. Солнечные панели напоминающие пчелиные соты будут самоочищаться с помощью пневматического компрессора от пыли, грязи, снега и



наледю. Существенными недостатками генераторов солнечной и ветровой энергии, которые уже используются в Казахстане, является их дороговизна и малая мощность, говорит атырауский новатор. Он же предлагает разработку, которая позволит обеспечивать бесперебойным электропитанием близлежащие здания, за-

ряд встроенных аккумуляторных батарей, обогрев автобусных остановок, полив цветочных клумб и газонов.

Нужно отметить, что казахстанцы смогут сами путем голосования определить победителя конкурса «Энергия будущего», который затем сможет представить свой проект в главном павильоне «ЭКСПО-2017» наравне с уже утвержденными новаторами. Проголосовать за Ержана Нурединова и его проект можно будет после публикации информации о нем на сайте www.yougexpo.kz.

Напомним, что специализированная международная выставка, признанная Бюро

международных выставок, состоится в Астане в 2017 году. Тема выставки «Энергия будущего». ЭКСПО-2017 ожидает участия более 100 стран и международных организаций, и 2-3 миллиона посетителей.

Майя ЖУМАХАНОВА,
директор
медиаслужбы АГУ

Встреча с олимпийцами



В начале сентября студенты университета встретили призера XXXI Олимпийских игр в Рио-де-Жанейро Ниджата Рахимова. Знаменательная встреча состоялась в спортивном комплексе вуза. «Атыраусцы в едином порыве болели за каждого спортсмена. Вы с честью выступили на Олимпиаде в Бразилии,

завоевав 22 место среди более двухсот стран-участниц. Смогли оправдать надежды казахстанцев и жителей нашей области, которые болели за тебя, Ниджат. Я поздравляю с победой и желаю дальнейших высоких достижений на мировой спортивной арене», – подчеркнул аким Атырауской области Нурлан Ногаев поздравляя олимпийского чемпиона. За спортивные достижения Ниджату Рахимову была подарена трехкомнатная квартира в Астане, другой участнице Олимпийских игр Жансель Дениз глава региона вручил сертификат на 2 миллиона тенге.

Нужно отметить, что первую золотую медаль на прошедших Олимпийских играх в Рио-де-Жанейро завоевал именно атырауский спортсмен Ниджат Рахимов, который выступал в весовой категории до 77 кг.

На прошедших XXXI летних Олимпийских играх Казахстан представляли 104 спортсмена. Всего в копилке сборной страны 3 золотых, 5 серебряных и 9 бронзовых медалей.

Медиаслужба АГУ

ТАБЫЛДИЕВ ХИСМЕТ БОЗАНҰЛЫ

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қоғамдық Ғылымдар Академиясының академигі, «Парасат» орденінің иегері, Атырау қаласының және Құрманғазы ауданының Құрметті азаматы, ҚР Журналистер Одағының мүшесі

1936 жылы 8 қыркүйекте Атырау облысы Махамбет ауданында дүниеге келді.

1957 ж. Гурьев қаласындағы С.Орджоникидзе атындағы орта мектепті бітірді.

1957-1962 жж. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих-филология факультетінде оқыды.

1962-1963 жж. Гурьев қ. Орджоникидзе ат. орта мектеп мұғалімі.

1963-1976 жж. Гурьев мемлекеттік педагогика институтының оқытушы, аға оқытушы, доцент, факультет деканы қызметтерін атқарды.

1976-1991 жж. институттың проректоры.

1991-2000 жж. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры.

2000-2003 жж. облыстық Мәслихаттың хатшысы.

2003-2008 жж. облыстық «Атырау» газеті бас редакторының орынбасары.

2008 жылдан Атырау университеті ректорының кеңесшісі, Қазақстан тарихы

кафедрасының профессоры.

«Ақтандақтар ақиқаты», «Құрманғазы», «Сауатсыздықтан - білім шыңына», «Кіші жүз руларының тарихы мен шежіресі», «Сарайшық», «Қазақстанда сауатсыздықты жоюдың қиыншылықтары», «Атыраулықтар ұлы Отан соғысы жылдарында», «Өзгерген өмір, жаңарған өңір» монографиялары, 300-ге жуық ғылыми мақалалары бар.

Жетекшілігімен бірнеше кандидаттық, магистрлік диссертациялар қорғалып, атыраулық тарихшылар мектебін қалыптастырды.

Гурьев қаласының атын Атырау, Ембі ауданын Жылыой ауданы болып өзгертуге белсене қатысты.

Гурьев педагогика институтының Қазақстанның батыс аймағындағы алғашқы университет дәрежесін алуға және Халел Досмұхамедов есімінің берілуіне айрықша үлес қосты.

2016 жылы қыркүйекте облыстық мәслихат шешімімен Атырау облысының Құрметті азаматы атағы берілді.



БІЗДІҢ АҒАЙ

Бүгінгі күні 80-нің сеңгіріне келіп отырған өлкемізге танымал тұлға Хисмет Бозанұлы Табылдиев біз үшін ұстаз, өлкетанушы, тарихшы ретінде етене таныс. Өзінің іс-тәжірибесін кейінгі жастарға үйретуден, қамқорлық жасаудан жалықпаған талғамы жоғары, таланты мол, елге танымал азамат.

Хисекен өз жұмысын сонау өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап батыстағы білімнің қара шаңырағы саналатын бұрынғы пединститутта (қазіргі университет) «Өлке тарихы», «Қазақстан тарихының» курсынан дәріс беруден бастаған екен.

Хисмет Бозанұлы студенттік шақтарда алғаш рет Қазақстан тарихының ақтандақтар беттерінен, тарихта көп айтылмай, жазылмай жүрген партия, қоғам қайраткерлері туралы көптеген бізге беймәлім жайттарды дәріс сабақтарында қызықты да қызығалықты баяндайтын.

Ж. Шаяхметов, С. Жанбаев, Т. Рысқұлов, С. Қожанов т.б. сынды қоғам қайраткерлері туралы аңызға бергісіз әңгімелерді студенттерге әсерлі жеткізіп, олардың халық, ел үшін сіңірген еңбектері туралы хабарлар етеді.

Себебі аталған саяси тұлғалар туралы сол кезеңде ешбір баспасөзден, ғылыми еңбектерде жартымды мәліметтер табу қиын болатын-ды. И.В. Сталин туралы да қызықты фактілерді көп білегіндігімен де ерекшеленетін. Оның «барлық істі кадрлар шешеді» деген сөзін жиі айтып, кадр мәселесі қай қоғамда да шешуші рөл атқаратынын студенттердің есіне әрдайым салып отыратын.

Өз басым алғаш рет Хисмет Бозанұлынан орыс жазушысы Л.Н. Толстойдың «Анна Каренина» еңбегінің бірнеше нұсқаларының болғанын, басты кейіпкерге, яғни Аннаға ұлы жазушының өзі ғашық болып қалып, оны романның соңында өлімге қиғанын естіп, білгенім күні бүгінгідей есімде. Л.Н. Толстойдың «Қажымұрат», «Севастополь әңгімелері», «Соғыс және бейбітшілік» т.б. еңбектеріндегі тарихи оқиғалардың желісін әсерлі баяндайтын.

Ағайдың тағы бір қыры оның әңгімешіл, әңгімені жүйелі, ел, жер тарихына байланысты оқиғаларды баяндаған

тұста, кез-келген тыңдаушыны өзіне тарта түсуі еді. Соның бірі дәріс сабағы барысында болған еді.

...Кезекті дәріс кезінде ағай қазақтың көрнекті ақыны, жастай қыршын кеткен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқталып, ақынның мынадай өлеңі бар, соны білесіңдер ме деп, өлең шумақтарын оқи жөнелді:

Қалың мал, әмеңгерлік, жесір дауы,
Қазақтың қыздарының болды жауы, -
деген тұста курстасымыз Ұлықпан:
«Ағай бұл өлеңнің жалғасын мен
жалғастырайыншы» дегені. Хисмет
Бозанұлының бір ерекшелігі, дәріс
сабақтарында студенттермен еркін,
емен жарқын әңгімелесіп отыратын-ды.
«Ал, жақсы, жалғастыра ғой» - деуі
мұң екен, Ұлықпан: Ағай, Сұлтанмахмұт
Торайғыров былай деп жырласа:

Қалың мал, әмеңгерлік, жесір дауы,
Қазақтың қыздарының болды жауы
десе, мен оған

Сол туралы декрет шыққаннан соң
Байланды жаман шалдың дамбал
бауы - деп өз жолдарымды қосамын
дегені, сол кезде ағай, «отыр, отыр
Ұлықпан» деп қолын бір сілтегенде аудиторья іші ду күлкіге бір кенелгені бар. Студенттерге лекция барысында бар әңгімесін ашық-жарқын айтатын Хисмет Бозанұлы топтағы студенттердің бәрі жақсы көріп «Біздің ағай» деуші еді.

Ағайда көз жасын сүртіп алып, ақын-жазушылар туралы қызықты бір әңгімесін одан әрі бастап кетуші еді.

Ғалымның ғылыми жұмыстарының тақырыбы да өлке тарихына қатысты болуына байланысты студенттермен өзіндік жұмыстан бастап, диплом, диссертациялық жұмыстар болып ұштасып кете беретіндігін атап өткеніміз жөн.

Ғалым Хисмет Бозанұлының ғылыми

ізденістерінің нәтижесінен «Атырау қаласының тарихы», «Памятные места Атырауской области», «Сауатсыздықтан білім шыңына», «Атырау облысының құрылғанына 70 жыл толуына орай тарихы мен жылнама шежіресі ретінде «Өзгерген өңір - жаңарған өлке» т.б. туған өлкемізге қатысты құнды еңбектері жарық көріп, барша оқырман қауымға жол тартты.

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толуына орай тарихы мен жылнама шежіресіне арналған 2014 жылы ғалымның қарымды қаламынан «Атырау облысы отты жылдарда» атты еңбегі жарық көрді. Бұл аталған еңбекте өлкеміздің батыр ұлдарының сұрапыл соғыс жылдарында майданда көрсеткен ерлігі мен тыл еңбеккерлерінің ерен еңбектері КСРО мен Қазақстан мұрағаттарында сақталған құжаттар негізінде жазылуы еңбектің құндылығын арттырады. Еңбекте ерекше тоқталатын мәселе кеңес кезінде тарихшылар қауымының соғыс кезінде Қазақстан терең тыл болды деген пікірдің қате екендігін Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатындағы 708 қорындағы құжаттар арқылы дәлелдейді. Ондағы құжаттардағы деректерде соғыс майданы Гурьев (Атырау) облысы аумағына жақындаған тұста облысты соғыс жағдайында деп жариялап, бес адамнан тұратын Қорғаныс Комитетін құрғаны туралы жазылған. Еңбекте құрылған комитеттің соғыс жылдарында атқарған қызметі терең талданған. Себебі бұл қор құжаттары кезінде құпияландырылған болатын.

Хисмет Бозанұлы ұстаз, ғалымдығымен бірге мемлекеттік деңгейде еліміздің тәуелсіздік алып, етек-жеңімізді жинап жатқан, сонау қиын 1991-2000 жылдары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры, 2000-2004 жылдар аралығында Атырау облысы мәслихатының хатшысы қызметінде өзінің шебер ұйымдастырушылық қабілетімен, мемлекеттік деңгейдегі қайраткерлігімен және ұлтжандылығымен көзге түскені барша қауымға белгілі.

Тағы бір есте қалғаны, институт бітіріп, жұмысқа араласқан тұста ағайдың баспасөз беттерінде

жарияланған ғылыми мақалаларын оқып, танысып жүрдім. 1998 жылы Исатай ауданы мәслихатының депутаты болып сайланған кезде ағаймен аудандық мәслихаттар өткізген кеңес-семинарларда кездесіп, ылғи мені айналасындағыларға шәкіртім деп таныстырып жатушы еді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 қазандағы #1566 қаулысына сәйкес мен депутат болып сайланған округ территориясы Махамбет ауданына берілуіне байланысты депутаттық өкілеттілігім, Махамбет ауданы мәслихатының көшкөнімен, жарты сайлаушы қауым Исатай ауданы аумағында қалып қойған-ды. Сондықтан да алғашқы сайланған округте, яғни Исатай ауданының мәслихатының сессияларына қатынасып жүрген едім. Ал Махамбет аудандық мәслихаты мені кезекті сессияларға қатынаспайды деген желеумен, депутаттық мандаттан айыру туралы облыстық мәслихат төрағасы Хисмет Бозанұлына хабарлаған болатын, Хисекен бұл заңсыздық екендігін дәлелдей келіп, сессияға депутатты күн тәртібіндегі мәселелер туралы арнайы шақыру қағаздарын күні бұрын жіберу арқылы хабарлау керек екендігін, халық сайлаған өкілдікті ешкімнің алып тастауға құқы жоқтығын дәлелдеп шықты.

Ағай кездескен сайын: - Облыс тарихында екі ауданға бір мезгілде депутат болған жалғыз сенсің, сен үшін бір талай жерге барыппын - деп күліп, әзілдей жүреді. Институтымыздың университет атауына қалай іліккені туралы ағайдың өзі аузынан естіп біліп, кейінгі ұрпаққа аңыз боларлықтай әңгіме болатындай оқиғаның куәсі болдым.

Хисмет Бозанұлын қадір-қасиетін ала келген сексен жасымен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына бақыт, шығармашылық жұмыста мұқалмас қайрат пен қарымды қалам берсін демекпін.

Аққали АХМЕТ
Гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы

Жаны жайсаң жақсы аға



Еліміздің батыс аймағындағы іргелі оқу орны – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің өткені мен бүгінін ой елегінен өткізіп шолу жасасақ, оқу орнының аяғынан тік тұрып, қалыптасуына өз бойларындағы білімі мен күш – жігерін аямаған ардагер ұстаздар легі көз алдымыздан өтеді.

Сол кездердегі қазақтың қара шаңырағы С.М.Киров атындағы қазақтың мемлекеттік университеті (қазіргі Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті) мен Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтына келіп, бірі кафедра меңгерушісі, енді бірі факультет декандары болып, басқалары ұстаздық жолын бастады. Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар даярлап, өңір жастарын білім нәрімен сусындатып, ғылым жолына жетеледі. Болашақ педагог-ұстаздар даярлауда уақытпен санаспай еңбек етеді. Сондай ұстаздардың бірі бүгінде тарих ғылымының докторы, профессор Хисмет Бозанұлы Табылдиевтің бар саналы өмірі осы оқу орнымен тығыз байланысты екені баршамызға аян. Бүгін де 80 жастың сенгірине шығып отырған Хисмет ағамыз тек қана Атырау өңірі емес, республикаға танымал азамат десек артық айтқандық емес.

Ұлағатты ұстаз, ғалым, зиялы басшы болған Хисмет Бозанұлының аталмыш оқу орнының үлкен белеске көтерілуіне қосқан үлесін мойындауымыз керек. 1994 жылы ҚР Министрлер кабинетінің 23 мамырдағы қаулысымен қара шаңыраққа ғұлама ғалым, ағартушы, ұстаз, профессор Халел Досмұхамедов есімінің берілуі мен сол жылғы 2 маусымдағы шешімімен Атырау педагогикалық институтының Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті болып қайта құрылуындағы еңбегін ерекше атаймыз.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында көптеген қиындықтардан өткен еліміз бүгінгі таңда дүниежүзі мойындаған, әлем жұртшылығының таңдана да таңырқай қарайтын өркениетті елге айналды. Міне, дәл осы кезеңдерде 1991-1999 жылдары оқу орнының тізгінін ұстаған Хисмет Бозанұлы университеттің керегесі кең, шаңырағы биік болуына, ғылым жолында жаңа асуларды алу, әлемдік стандартқа сай мұғалімдік мамандықтармен қатар, классикалық мамандықтардың ашылуына үлкен көңіл бөліп, жаңа серпілістер жасады. Оқу орнының әлеуметтік-психологиялық ахуалы түзелді. Еңбек жолын ХХ ғасырдың 60-жылдары Гурьев педагогикалық институтында тарих мамандығы бойынша қарапайым оқытушылықтан бастаған Хисмет Бозанұлы талай сын-белестерден сүрінбей өтіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де уақытпен санаспай

айналысты. 1973 жылы тарих ғылымының кандидаты, 1997 жылы тарих ғылымының докторы дәрежесін алды.

1972 жылы Жоғары Аттестациялық Кеңестің шешімімен доцент, 1992 жылы профессор ғылыми атағы берілді. Қазіргі күні академик ағамыздың қашан көрсек те тарих қойнауына үңіліп, өңір тари-



хын, сол жердің топырағында өскен талай ардагер – сарбаздар, ұлағатты адамдар, зиялы азаматтар туралы зерттеулер жолы, қаламы қолынан түспей еңбектеніп отырғанының куәсі болып келеміз. Алдынан білім алған талай шәкірті ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары. Енді бірі еліміздің әр аймағында әртүрлі салада абыройлы еңбек етіп жүрген абтал азаматтар, тұлғалар. Ұстаз бақыты да осы болар.

1975-1991 жылдары университеттің сырттай оқу бөлімінің проректоры, 1991-1999 жылдары университет ректоры болды. 2000 жылдары облыстық маслихат хатшысы, кейінірек облыстық «Атырау» газетінің бас редакторының орынбасары қызметтерінде жүріп, облыстың көркеюіне өз үлесін қосты.

Болмыс – бітімі қарапайым, өзінен гөрі өзгені көбірек ойлайтын Хисмет Бозанұлы қарағанда қаталдау, жүзі сұсты жан көрінгенімен, шын мәнінде ақ көңіл,

адамгершілігі мол, кішіге қамқоршы аға, қатар-құрбыларының, замандастарының сыйлы досы. Алысты жақын етіп тұратын абзал азамат.

Мен Табылдиевтер отбасын бала күнімен білемін десем, артық айтқандық емес. Ағайынды Досымбаевтар, Қысымбаевтар, Табылдиевтермен ежелден көршілес, қаланың «Киткрай» деп аталып кеткен бөлігінде тұрдық. Олар – ата-анаммен үлкен сыйластықты, аралас-құралас болған адамдар. Майра апа 1960 жылдары қаладағы 11 Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте менің анаммен (олар дүниеден өтіп кетті) үлкен сыйластықпен, қимастықпен еске алып, үлгі-өнеге етіп отырады. «Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін» деген даналық сөз осындайдан қалған шығар.

1975 жылы осы оқу орнының дайындық бөліміне оқытушылыққа келдім. Қарапайым оқытушылықтан талай сатыларға көтерілгенде де сырттай аға қамқорлығын сезіп, біліп жүрдім. 1988-91 жылдары сырттай бөлімде Хисмет Бозанұлының орынбасары болып жұмыс істедім. Сол жылдары жалпы сырттай еңбектен қол үзбей оқитын әр түрлі жастағы адамдардың еркелілігін, олармен жұмыс жасау әдісін үйрендім. Ол кездері сырттай оқитын студенттердің алды 70-ке келіп қалғандары. Бәрінің де сабаққа жақсы жауапкершіліктері үлкен болатын. Хисмет Бозанұлы маған жұмысын сеніп тапсырып, өзі университеттің басқа жұмыстарымен айналыса беретін еді. 1995-2005 жылдары өзім сол бөлімді басқарып отырғанда сол жылдары жинаған тәжірибелі жұмыстарымыздың абыройлы болуына септігін тигізді. Хисмет Бозанұлының ректор болып жүрген жылдары (1991-1994 жылдары) тәрбие жұмысының проректоры болып, ағамен үзеңгілес жұмыс атқардық. Осы жылдар ішінде Хисмет Бозанұлы маған бір – ақ рет ренжіді. Бірақ 2-3 күн өткен соң, кабинетіне шақырып

алып, менің жазықсыз екенімді біліп, кешірім сұрады. Үлкен басымен әрі басшы адамның қарамағындағы қызметкерден кешірім сұрауы екінші бірінің қолынан келе бермейді.

Хисмет аға Бозанұлы Майра апамен бірге үлкен әулеттің, ағайын-туманың қамқоршысы, ақылшысы болып отырған жандар. Меркелі де берекелі шаңырақ. Да-старханы жаюлы, көңілдері кең жандар екенін білеміз. Хисмет Бозанұлы туралы қандай мақтау айтсақ та артық емес. Кейде пендешілікке салынып, қасымызда жүрген осындай адамдардан лайық мадақтау сөздерді аяп қалатынымыз бар. Жылдар бойы өз жанымызда жүрген жандарды ардақтай, құрметтей білейік, ағайын.

Мерей жасыңыз құтты болсын, жақсы аға!

Айсұлу САДЫҚОВА
Ф.к.к., қауымдастырылған профессор
ҚР Журналистер одағының мүшесі

ИССЛЕДОВАТЕЛЬ
ПРИКАСПИЙСКОГО
РЕГИОНА



На пороге 25-летия суверенитета республики вопросы теории и методологии исторической науки, вообще, научного творчества профессора Х.Б.Табылдиева в частности, представляются весьма актуальными. Как известно, даже в таком историческом исследовании, где факты преобладают над обобщениями, доминантом становится объединяющий стержень. Идеи, концепции, теории аналитико-обобщающего характера явно обнаруживаются или подспудно присутствуют в историческом исследовании, а потому и у историка. Ни один научный труд не обходится без ценностных категорий, тесно увязанный с современными теоретическими течениями.

В каждый данный момент история – это представление о прошлом, соответствующее достигнутому уровню знаний. Поскольку общество постоянно находится в движении, в развитии, то соответственно изменяются, не могут стоять на месте и способы его познания. Объективизации исторического исследования труда способствуют два фактора – внутреннее стремление историка к постижению истины и известная общественная потребность в знании подлинных фактов и обоснованных суждений о них.

Смею утверждать, что известный исследователь истории Казахстана и его прикаспийского региона значительную часть своего научно-педагогического творчества посвятил именно вопросам методологии обозначенной науки.

Нұртаза АБДУЛЛАЕВ
д.и.н., профессор АРГУ
им. К. Жубанова

**ХИСМЕТ
БОЗАНҰЛЫНЫҢ
80 ЖАСЫНА
АРНАЛҒАН
МЕРЕЙТОЙЛЫҚ
ІС – ШАРАЛАР
11-12 ҚАЗАНДА
ӨТЕТІН
БОЛАДЫ**

ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРЛАНЫ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, Гуманитарлық ҒА-ның академигі, Индер ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, тарих ғылымдарының кандидаты Жиенбай Базарбайұлы Бақи биыл сексен жасқа толды. Осы орайда ардагер ұстаз ағамызбен сұхбаттасқан болатынбыз.

- Құрметті Жиенбай Базарбайұлы, өзіңізді мерейлі жасыңызбен және ұстаздар күнімен құттықтаймыз! Сіз 57 жыл бойы бір еңбек ұжымында ұстаздық етудесіз. Өзіңіздің алғашқы мұғалімдеріңіз, туған жеріңіз жайында айтсаңыз.

- Мен 1936 жылы 25 қыркүйекте Атырау (бұрынғы Гурьев) облысы, Индер (бұрынғы Есбол) ауданы Жарсуат ауылында дүниеге келгенмін. Әкем Базарбай кеңес, партия мектебін бітірген соң, Қызылжар мен Жарсуат ауыл Кеңестерінде төраға болып, кейін Есбол аудандық партия комитетінде бірқатар жауапты қызметтер атқарған болатын. Анам-Байғожақызы Сағира қарапайым еңбек адамы. Қиын-қыстау соғыс кезінде Гурьев-Астрахань бағытында теміржол салуда аянбай еңбек кеткен.

Мен 1943 жылы сол Жарсуат ауылындағы жеті жылдық орталау мектебіне бардым. Соғыстың кезі. Ауылдағы еңбекке жарамдылардың барлығы дерлік майданға алынған еді. Біз сабақтан тыс уақытта ересектерге көмектесіп жұмыс істейміз. Сөйтіп, жүріп оқыдық-ау мектепте. 1950 жылы орталау мектепті аяқтап, Кулагинодағы Жамбыл атындағы орта мектепке ауыстым. Бізді осы мектептің жанындағы пансион тәрбиеледі. Мектепте дәріс берген барлық ұстаздарымның есімдерін біле бермеспін, дегенмен көптеген ағай-апайларым есімде. Әсіресе, тарих пәнінің мұғалімі болған Жангерей Қазиевті, Айтқали Ақбойдақов пен Аташ Досалиевті, қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген ұстазым, кейін өзіміздің университетте көп жылдар бойы ұстаздық еткен, педагогика ғылымдарының кандидаты Бизура Дүйсалиева мен орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берген Людмила Васильевна Финногенованы жақсы білемін. Себебі бұл ұстаздар біздің бойымызға білім нұрын сеуіп, тұлға ретінде қалыптасуымызға зор үлесін қосқан болатын. Біз олардан көркем шығармашылықты үйрендік. Көпшілігіміз өлең жазып жүретінбіз. Жазған өлеңдерімізді қабырға газетіне жариялап, түрлі кештерде оқитынбыз.

- Тарихшы болуды жастайыңыздан армандадыңыз ба?

- Шынымды айтсам, журналист болуды армандадым. Сөйтіп, Алматыға қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне келдем. Өзім сияқты талапкер Қадыр Мырзалиевпен танысып, жатақхананың бір бөлмесінде жаттық. Кешке шығарған өлеңдерімізді оқып, бір-бірімізбен жарысатынбыз. Қадырдың қабілетіне таң қалып жүрдім. Ол сол кездің өзінде жақсы ақын болатын. Мен өзімнен жақсы журналист шықпайды-ау деген күмәнмен құжаттарымды тарих факультетіне тапсырдым. Сөйтіп оқуға түсіп, тарихшы болдым. Адамның дегені болмайды, Алланың дегені болады емес пе!? Сірә, менің пешенеме тарихшы болу жазылған шығар.

Университет қабырғасында Қазақстанның көрнекті тарихшылары академик С.Н.Покровский, ҚҒ Академиясының мүшесі-корреспонденттері Е.Б.Бекмаханов, Г.Ф.Дахшлейгер, тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар А.А.Алиев,

С.М.Кенжебаев, Н.Н.Дауылбаев, Я.Д.Серовайский, Ә.Б.Тұрсынбаев, С.Бейсембаев, М.Б.Ақынжанов т.б. дәріс алады, қоғамдық жұмыстарға, ғылыми үйірмелерге қатыстым.

- Ең ізденімпаз шақ-студенттік кез ғой! Оны біз ұстаздар жақсы білеміз және студенттерден сол ізденімпаздықты талап етеміз. Сіздің жазу қабілетіңіз, шығармашылыққа құштар көңіліңіз

болып конкурсқа түстік. Ішінде елімізге белгілі, Қазақстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор Илия Жақанов та бар. Конкурстың нәтижесінде менің кандидатурам өтті.

Қуғын-сүргін кезінде жазықсыз жапа шеккен елімізге әйгілі тарихшы Ермұхан Бекмахановты ақтау үшін студенттерден қол жинау шарасына қатыстым. Бұл шараны Рамазан Сүлейменов басқарған болатын. Студент кезімде менімен бірге Голодов деген орыс жігіті оқыған болатын. Сол жігіт мені қоярда қоймай үгіттеп, осы спорттың үйірмесіне алып барды. Сөйтіп, мен де парашюттан секіріп жүрдім.

- Сіз тек қана тарихшы емессіз. Сіз тарихшы ғалымсыз. Осы ғылым жолын таңдап алуыңызға не себеп болды?

- Менің ғылым жолына бет бұруым студенттік кезден басталды. Мені Ғани Мұратбаевтың өмірі қатты қызықтырушы еді. Осы тақырыпты зерттегім келіп

Қазақстан Орталық мұражайының ұзақ жылдар бойы директоры болған Сара Есованың берген бұл пікірі мен үшін өте жоғары баға болды.

1961 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық мемлекеттік университетіне аспирантураға түстім. Ұстазым-Ермұхан Бекмаханов: «Сен балық өлкесінен келдің. Балық шаруашылығының тарихы Қазақстан тарихында зерттелмеген тақырып» деп, маған кандидаттық диссертацияның тақырыбы етіп бекітіп берді. Сөйтіп, балық шаруашылығының тарихын зерттеуге кірістім.

Диссертациямды мұрағат деректері негізінен жаздым. 1963 жылы Мәскеудегі мұрағаттарда еш жерде жарияланбаған Атырау балық шаруашылығына қатысы бар В.И.Лениннің құжатын таптым. Бұл тарихтың белгісіз бір бетін ашқанмен тең деп бағаланатын. Атырау, Астрахань, Алматы, Мәскеу, Қызылорда қалаларындағы мұрағаттарда болдым.



Қыркүйектің 28 жұлдызында Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры Жиенбай Базарбайұлы Бақидың 80 жасқа толуына орай университет Ғылыми кеңесінің кеңейтілген мәжілісі өтті. Мерейгер ұстазды облыс әкімдігі, республикалық және облыстық ардагерлер кеңесі, Индер ауданы әкімдігі, университет ректораты, ұстаздан тәлім алған шәкірттері құттықтады.

студенттік кезде шыңдалған болу керек?

- Бастапқыда сабағымды игеріп кеткенше, күнде сабақтан шығып, кешке дейін кітапханада отыратынмын. Екінші семестрден бастап, қолыма қалам алып, университеттің газетіне, «Лениншіл жас» пен «Социалистік Қазақстан», «Қазақстан мұғалімі» газеттеріне мақалалар жаза бастадым. Университет жанынан қазақ драма үйірмесі жұмыс істейтін. Оны Мәскеуден Луначарский атындағы театр институтын бітіріп келген белгілі режиссер, профессор Асқар Тоқпанов басқарды. Мен сол үйірмеге қатыстым. Сөйтіп, Сәбит Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» деген пьесасында революционер Дуровтың, ал Амантай Сатаевтың «Ақбөпе» деген пьесасында бай баласы Құдиярдың ролдерінде ойнадым. Осы жерде еске аларлық бір қызық әңгімені айтып кетейін. Осы Құдиярдың ролін ойнау үшін төрт адам

жүрді. Профессор Е.Бекмахановқа келіп, Ғани Мұратбаевты зерттегім келетінін айттым. Ермұхан Бекмаханов ол кезде сол Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі болатын. Көп уақытымды Ташкент қаласында өткізіп, Ғани Мұратбаевпен тағдырлас болған ақын Өтебай Тұрманжанов, Ғарип Насруллин, Құсайынбек Әміров, Сара Есовалармен ұзақ күндер сұхбаттасып, жұмысымды аяқтадым. Кейіннен диплом жұмысыма Сара Есова былай деп пікір жазды: «Данная работа Ж.Бакиева на мой взгляд представляет более удачной из всех до сих пор опубликованных в печати по Гани Муратбаеву», - деген баға берді.

Қазақ қыздары арасынан шыққан алғашқы қарлығаштардың бірі 1920 жылдан партия мүшесі, Түркістан комсомол ұйымының орталық комитетінің бөлім меңгерушісі қызметін атқарған, кейін

Кейін осы тақырыптан диссертациямды қорғап шықты. Қазір 15-тен астам кітаптарым мен кітапшаларым, 150-ден астам ғылыми проблемалық мақалаларым жарық көрді.

- Өзіңіз оқытқан шәкірттеріңізден ғалымдар шықты ма?

- Шықты, әрине. Сонау 70-ші жылдардан бастап Қ.Досқалиев, А.В.Блохин, И.К.Камешев, Г.Каленова, Ғ.Халидуллин, А.Иманғалиев, Ә.Мұқтар, Қ.Мұхитов, А.Ахмет, т.б. диссертацияларын қорғап «ғалым» деген атаққа ие болды. Солардың ішінде Ғизат Халидуллин, Әбілсейіт Мұқтар, Аққали Ахмет, Ұлжан Ахметова ғылым докторы атағына ие болды. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» дегендей, шәкірттеріміздің жетістігіне қуанамын.

- Жиенбай Базарбайұлы, Сіздің осы өзіміздің қара шаңырағымыз-университетте атқарған қызметіңіз жөнінде бірер сөз айтып кетсеңіз?

- 1959 жылдан бастап осы университетте жұмыс жасаймын. Көп жылдар бойы кафедра меңгерушісі, факультеттің деканы қызметтерін атқардым. Қазір Қазақстан тарихы кафедрасының құрметті меңгерушісімін.

- Әңгімеңізге рахмет! Мерейлі жасыңыз құтты болсын! Өмірде алар асуыңыз аласармасын, тарих ғылымының тарланы!

Айдар САБЫРОВ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті

ПРОФЕССОР АЛДАБЕРГЕНОВТЕР АУДИТОРИЯСЫ АШЫЛАДЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің дамып, нығаюына елеулі үлес қосқан ғалымдар есімін ұлықтау мақсатында оқу орнында бірқатар шаралар атқарылуда. Осы мақсатта ғалымдар ұзақ жылдар еңбек еткен жаратылыстану ғылымдары және ауылшаруашылық факультетінде атаулы аудитория ашылмақшы. Аудиторияның салтанатты ашылу рәсімі 7 қазанда сағат 11-де факультетте өтеді.



ҚОС АРЫС

Негізі қаланып, бұрынғы Гурьев қаласында институт болып аталып, еңсе көтерген қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғұмыр кешкеніне 65 жыл болып, Қазақстанның Батыс өлкесіндегі білім қара шаңырақтарының бірі, даңқы жер жаһанға танылуда. Алғаш аудитория есігін ашып шәкірттер жүрегіне тұңғыш дәрістерін тыңдатқан бұл университеттің алғашқы оқытушылары да, одан кейін осы оқу орнының іргесі бекіп, туы биіктей түсуіне үлес қосып, еңбек еткен ғалым қайраткерлер де жарты ғасырдан аса уақыттың ішінде толқын-толқын боп келіп, толқын-толқын боп кетіп жатқаны Алла Тағаланың өзі көрген айқын тарих.

Шіркін, «Бұл білім ордасы – менің екінші үйім» деп есептеген ғұламалар еліміздің білімі мен ғылымына өз үлестерін қосып өтті. Әркімнің өлшеулі ғұмырында бұл табиғат заңы. Бойындағы бар білгенін, рухани нәрін шәкірт санасына құйып, оларды аялап, жанымен сая болып өткендер университетіміздің бір кездегі қос арысы – Алдабергеновтер: Нұрғожа Қобыланұлы мен Мәкім Жүнісбекқызы еді. Өз заманында көруге көз керек боп өткен бұл ғалымдар қазір дүниеде жоқ. Екеуі ондаған жылдар бойына қол ұстасып, қос аққудай жұбын жазбай жүретін осы адамдардың көз алдымызда тек суреттері ғана қалды.

1967 жылы Нұрекеңмен екеуі университетті қатар бітіріп, еңбек жолдарын бір жылда бастайды. Институтта 2 жыл бойына жұмыс істеп, ғылыми жетістіктермен көрінген Мәкімді институт басшылығы Қазақ ССР Ғылым Академиясының аспирантурасына жолдама береді, 1972 жылы биология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі үшін кандидаттық диссертация қорғайды.

Жас ғалым өзін ұстаздық жұмыста да, ғылыми ізденіспен де, ұйымдастырушылық қабілетімен де көрінгендіктен және 4 жыл бойына мінсіз еңбек еткендіктен, оны институт басшылығы факультет деканы жұмысына тағайындайды.

Декандық қызметті ол үлкен білгірлікпен, нағыз педагогтық қасиеттермен, адам жүрегіне түсіне білетін шәкірттеріне деген сүйіспеншілігімен атқара білді.

Ол факультетте 10 жылға жуық мерзім басқарды. Осы жылдар ішінде факультет жұмысы алға басып, оқытушылар үлгілі істерімен көрінді. Факультет ұжымның оқуда да, ғылымда да белсенділіктері зор болды. Факультет Мәкім Жүнісбекқызы басқарған кезде институттағы басқа оқу барлық бөлімдерінің көшбасшысына айналды да бедел биігінен көрінді. Бір-екі жылдай кафедра меңгерушісі болып, оқытушылар мен студенттерге ғылыми басшылық, тәжірибелік кеңестер беріп қажымай-талмай еңбек етті.

1987-1991 жылдары партком хатшысы болып қызмет атқарды. Ол партиялық, идеологиялық басшылықта тап-таза жүрегінің әмірін тыңдады. Ғылыми атақтарға да сатылап ие болды: аға оқытушы, доцент, профессор. Жұмыстағы жетістіктері үшін «СССР-дың Жоғары мектебінің үздігі», «Қазақстан оқу-ағарту ісінің үздігі» төсбелгілермен, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» медалмен, Алғыс хаттармен марапатталған.

Нұрғожа Қобыланұлы және Мәкім Жүнісбекқызы Алдабергеновтер қазір біздің аразымызда жоқ болса да Атырау университетінің ұжымы оларды әрқашан еске алып, рухтарына бас иеді. Бүгінгі мұғалімдер күні олардың көзін көріп, бірге еңбек еткен ұжымдастары олардың ғылыми еңбектерін оқу процесінде пайдалану арқылы өздерімен қатар өмір сүргендей сезінеді.

ҚАДЫР ЖҮСІП
Филология ғылымының
докторы, профессор



ҚАС ҚАҒЫМ СӘТ

Уақыт шіркін, не деген жылдам еді!? Бәрі де күні кеше сияқты еді. Ойлап қарасам, анашымның өмірден озғанына сегіз жыл, ал әкемнің дүниеден кеткеніне үш жыл болыпты. Уақыт өлшемімен бұл, мүмкін, едәуір ұзақ мерзім болар, бірақ мен үшін қас қағым сәттей көрінеді. Өйткені, олар бір сәт те менің ойымнан кеткен емес. «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы мөлдір бұлақ, бала – жағасында өскен құрақ» деп қазақ тегін айтпаса керек.

Анам – Мәкім Жүнісбекқызы Ресей жерінде туып өскен. Ата-жұртын аңсаған нағашы атамыз сегіз бала тәрбиелеп өсіріп, кәмелеттік жасқа жеткенде бәрін Алматыға қарай оқуға жіберіп отырған. Кейін Кемеровка жақтан өзі де біржола табан аударып, сол арман қалаға көшіп келді. Анам кішкентайынан зерек болып, қалың орыстың ортасында жүрсе де, мектепте комсомол жетекшісі, волейбол командасының капитаны болады. С.М.Киров атындағы ҚазГУ-дың биология факультетіне түсіп, әкеммен кездеседі. Оқыған ортасы орысша болса да, ата-анасының қазақы тәрбиесін көріп өскен қызға ағайдың келіні боп түсу қиын бола қоймады.

Біздің қоғамдағы әйелдің өміріндегі ең жақсы «ғылыми жетістігі» – отбасын құру, ең үздік «ғылыми жаналығы» – бала туу, ең сәтті «қорғауға ұсынатын тұжырымы» – сол баланы тәрбиелі қылып өсіру. Ал менің анам баланы да дүниеге әкелді, ғылымда да өзінің орнын тапты. Әкем екеуі ҚазГУды 1967 жылы бітіріп, Гурьев педагогикалық институтына жас маман болып келеді. Анам қазақ тілін білмейді. Сол кездегі кафедра меңгерушісі Дарибаев ағай: «Егер қазақша бере алмасаңыз жүре беріңіз, бізге ондай маман керек емес» деп айтқан еді. Сонда анам жылап, қалайда үйренем деп өзіне мақсат қойды. Содан бастап жаратылыстану ғылымының дәрістерін түнгі үшке дейін отырып, орысшадан қазақшаға аударып, үштен беске дейін ұйықтап алады, бес-тен жетіге дейін аударған лекциясын оқитын еді де жұмысқа кететін. Бәлкім, осы бір қиын да қызықты ғылымның қазақша нұсқадағы дәрістерін дайындаған алғашқы адам – анам болар деп те ойлаймын.

Әкем – Нұрғожа Қобыланұлы Маңғыстау облысында Таушық деген жерде өмірге келіп, сонда бастауыш мектепте оқиды, содан кейін Құлсарыға көшті. Әкеміз айттып отыратын, жеті жасқа дейін әкеміздің тілі шықпапты, қазақтың ырымымен нағашыларынан қой ұрлап әкеліп, соның ішегімен қылғындырыпты.

Ол кісінің бойындағы табандылық, өжеттік, өткірлік қасиеттері артына өшпес із қалдырған

осындай ғылым жолына әкелді. Әкеміз Маңғыстаудың масасын зерттеп, жаңа түрін ашты. Ғылым саласындағы жаңалығы әріптестерін мойындатып, өзінің атын қойған еді.

Анам мен әкем ғылымның шыңына бірге келді, бір ұжымда 45 жыл бірге жұмыс жасады. Еңбекқор анам жұмыста – ізденімпаз ғалым, білгір басшы, білікті маман болса да, үйде – ана, отбасының ұйтқысы бола білді. Әйел адамның қат-қабат бітпейтін мимырт тіршілігін, шалқайған шаруасын, қалай шашауын шығармай ұстаса, қандай қоғамдық қызмет атқарса да дәл солай, өзінің атағына кір келтірген жоқ.

Ата-ананың күнделікті тіршілікте айттып отыратын ақыл-кеңестері бала үшін ертеңгі күннің аманаты, оған жастықтың буымен мән бере бермейміз. Олар өмірден озған соң ғана, еске алып, көзі тірісіндегі өсиеттерін орындауға тырысамыз. Көз алдыма әке-шешемнің күлімсіреген келбеті келеді. Олардың бейнесі күн санап асқақтап, берген тәлімі мен айтқан сөздерінің қадыр-қасиеті артып бара жатқандай...

Дүниеге үш бала әкелді, үлкені мен – Анар, Жанар, Асқар. Жалғыз ұлым деп екеуі де Асқарға көп үміт артатын. Мені ақ баталарын беріп ұзатты. Атам мен енемді көріп, үлкен әулетке келін болғанымға ризашылығын білдірді. Анамның айтуынша, үлкенге сәлем беру арқылы алғыс арқалаған келін – дүниеге әкелетін баласының жолын ашады «Келіннің сәлемі – шаңырақтың туы, Ердің сәлемі – елшінің жолы» деген халық даналығын ұйретті. Бір жанұяда екі ғалым болу – ол кезде сирек еді, әкем мен анам жұмысқа берілгені соншалықты, таңертең кеткеннен кешке бір келетін. Әкеміздің қамқорлығы, тәрбиесі, ұлағатты сөздері, анамыздың азаматына деген сыйластығы, махаббаты, балаға деген мейірі әлі күнге дейін көз алдымызда. Соларға қарап өсе келе бойымызды түзеп, ойымызды жинайтын болдық.

Қазақта «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық болады» деген сөз бар. Жаман болмасақ та ата – анадан алған тәрбиемізден әлі күнге қуат алып келеміз. Пейіште нұры шалқысын, өздері өмірден кетсе де ғалымдық хаты, өнегелі істері, баталы сөздері өшкен жоқ. Көзкөрген шәкірттері, ақ жарқын достары, сыйлас ұжымдастары әрқашан еске алып отырады. Міне, осындай мәртебелі де мерейлі әке мен ананың қызы болғанымды мақтан тұтамын.

Анар НҰРҒОЖАҚЫЗЫ
Атырау мұнай және газ
университетінің доценті

ҰСЫНЫС

Мұғалімді жапондықтарша құрметтесек, шіркін!

Жыл сайын әлемнің 100 мемлекетінде 5 қазанда халықаралық мұғалімдер күні (World Teachers' Day) тойланады. 1994 жылдан енгізілген бұл кәсіби мереке мұғалімдерге, оқытушыларға, білім саласындағы барлық қызметкерлерге көрсетілген құрмет.

Десек те, кейінгі жылдары мұғалім мамандардың жетіспеушілігі анық байқалуда. Қазіргі кездегі білім саласындағы қиындықтар, жұмыстың көптігі мен жауапкершіліктің жоғары болуы, жалақының аздығы, жастардың бұл салаға келмеуі сияқты себептерден мұғалімдер саны азаюда.

ЮНЕСКО-ның Статистика институты мәліметтеріне қарағанда, 2030 жылға қарай тек қана жаппай бастауыш білім беруді қамтамасыз ету үшін әлем елдеріне қосымша 3,3 млн. мұғалім қажет екен. Сондықтан мұғалімдер күні оның қоғамдағы мәртебесін көтеруге бағытталған.

Ал әлемді өзінің озық технологиясымен мойындатқан Жапонияда мұғалімдер күні деген мереке жоқ екен. Дәстүрлерді тиянақты сақтайтын жапондықтардың бұл әрекеті мені таңқалдырды. Мұның мәнісі жайында ізденіп көргенімде ғаламтордағы мына бір әңгімені оқыдым. Сіздерге осы әңгімеден үзінді ұсынуды жөн көрдім.

«...Бір күні мен жапондық әріптесімнен, Ямамота ұстаздан:

– Жапонияда «Ұстаздар күнін қашан және қалай тойлайды?», – деп сұрадым. Менің сұрағым таңданыспен «Бізде ешқандайда Ұстаздар күні жоқ», – деп жауап берді.

Оның жауабын естісімен, сенер-сенбесімді білмедім. «Неліктен экономика, ғылым және білім алдыңғы шепте дамыған елде, Ұстазға құрметпен қарамайды?» деген ой келді.

Бір күні жұмыстан кейін Ямамота мені қонақтауға шақырды. Мектептен қашық



тұрғандықтан, біз метромен баратын болдық. Кешқұрым жерасты вагондар толы болды. Кенеттен жанымда отырған ақсақал, маған орындығын ұсынды. Бұндай құрметті қарт адамнан күтпегеннен ұсынысын қабылдай алмадым, бірақ ол табанды болғандықтан, отыруыма тура келді.

Жапонияда ұстаздық – ең құрметті мамандық, және ең құрметті адам. Жапонияда кәсіпкерлер өз дүкендеріне ұстаздар келгенде қатты қуанады, олар үшін ол үлкен құрмет. Ұстаздар үшін метрода арнайы вагондар, ұстаздар үшін арнайы дүкендер бар екен, көлікке билет алу үшін кезекте тұрмайды. Мұғалімдер үшін қоғамнан үлкен құрмет бар, сондықтан арнайы күннің қажеті де жоқ екен».

Бұл әңгімені оқыған мен де, біздің қоғамда да ұстаздар осылай құрметтелсе ғой деп ойладым. Мұғалімдер мәртебесін көтеруге бірге атсалысайық, достар!

Марина АМАНЖОЛОВА

«Тарих» мамандығының 1-курс студенті



«Университет» газеті пікірімді өзгертті

Биыл оқу орнына 2003 студент оқуға қабылданды. Олардың қатарында Қытай, Өзбекстан мемлекеттерінен келген қазақ жастарымен қатар еліміздің өзге аймақтарынан да келген жастар бар. Мен де Атырау университетіне өз таңдауымды жасаған жастың бірімін.

Мен университетке түсер алдында қатты ойландым. Өзім Ақтөбе қаласында тұрсам да, еліміздің батыс аймағындағы оқу орындарының барлығымен мұқият танысып шықтым. Мектепті аяқтап, қай оқу орнын таңдасам екен деп Атырау қаласына да келудің сәті түсті. Сол кезде Атыраудағы университеті де қарап кетейін деген оймен оқу орнына келдім.

Қабылдау комиссиясы берген құжаттар қатарында «Универси-

тет» газеті де болған еді. Мұқият қарап, оқып шықтым. Әсіресе, университеттің 3-курс студенті Айкенже жазған мақала маған қатты ұнады. Коммерциялық негізде оқуға түскен ол жақсы оқығаны үшін білім грантына ауысыпты, белсенді студент ретінде Ел ордамыз – Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларындағы жастар форумдарына да қатысқан.

Осыдан кейін студенттерге қамқорлық жасап, тұлғалық дамуына жағдай жасап отырған оқу орнына таңдауымды жасадым. Міне, 1 курстың алғашқы бір айы да аяқтала келді.

Алдымызда әлі талай студенттік қызықты күндер, білім жолындағы асулар бар.

Ырысгүл СЕРІКБАЙҚЫЗЫ

1-курс студенті

СПОРТ



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

2016 жылдың 15-17 қыркүйек күндері «Мұнайшы» спорттық кешенінде өткен ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Еңбек күніне арналған Атырау облыстық салааралық Кәсіподақтар спартакиадасына Атырау университетінің командасы белсенділікпен қатысты. Университет командасы волейбол, үстел теннисі, арқан тарту мен шахмат ойындарынан 12 команда арасындағы жарыста жалпыкомандалық есепте жүлделі екінші орынды жеңіп алды. Команданың жеңісіне әріптестеріміз Ж.Рашбаев, Ж.Аманов (шахмат), С.Лукпанов, Ғ.Ақсеріков (волейбол), П.Тулин, Ә.Тұрдалиев (арқан тарту), А. Мухамбеталиев, Ш.Ележанова (үстел теннисі) зор үлес қосты.

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ

Университет кәсіподақ ұйымының төрағасы

Хабарландыру

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Жауында 20 жылдан бері «Ау.те.ба» ансамблі Жр.ныс жасайды.

Ансамбль жетекшісі Жаскеленова Сауле Данияровна

Кабылдау уақыты: «Жайық» мәдени-спорттық кешені (2 қабат) (Музыка және өнер кафедрасы) Күн сайын сағат 16.00-18.00 дейін

Байланыс телефоны: 87014319717

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Г.Қайырғалиева - редактор, 27-63-29
П.Тулин - дизайнер-бет құрушы
Е.Қоянғалиев, Е.Мутигуллин - фотографтар
А.Кенесова - хатшы
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Самал Альдешова, Майя Жумаханова
Әсел Кенжетай, Абай Ақмұрзиев

Авторлар жарияланымдарындағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №2659 куәлік берілген 04.02.2002 ж. Газеттің жылына 6 нөмірі шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1170
Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй
Тираж 1000 дана